Қазақстандық ғалымдар оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу тұжырымдамасында қазіргі жаңа ұстанымға сүйене отырып жалпы адамзаттық құндылықтардың ішінен: *Адам, Жер, Ұлт, Отан, Бейбітшілік, Мәдениет, Еңбек, Білім, Отбасын* іріктеп жүйелеген. Жеке тұлға бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы мектептердің рөлі С.Ғаббасовтың «Халық педагогикасының негіздері» атты жинағында берілген. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек деген. Осы пікірлерден байқағанымыз берілген бұл жүйелер бірдей болмағанымен, олардағы құндылықтар тізімінде ортақ көзқарас бар және оларды біріктіріп тұрған гуманистік бағыттылық.

Қарастырылған барлық жүйелерде «Адам» ең маңызды құндылық болып табылады. Осы адамға сипаттама беретін, адамның тұтастығын беретін құндылықтар адами құндылықтар болып табылады.

Адами құндылықты әркім өз деңгейінде қозғап, әрқалай түсінеді және түсіндіруде. Адамдық өмірдің мәнісін, тұлғалық болмыстың негізін, кісілік қасиеттердің құндылығын, азаматтық сапаның сабақтастығын ұқпай жаңа мүмкіндіктің не екенін ұғыну, адам капиталын үйлестіру, толықтыру мүмкін емес.

Адами құндылықтар туралы саяси және азаматтық көзқарастар әрқашан бір-бірімен үйлесе бермейді. Бірақ қос көзқарас бір арнада тоғысқанда өзекті мәселені дұрыс түсіндірудің дүниетанымдық бағыты тұрақтанады немесе адам факторының рөлін жетілдірудің тың жолдары ұсынылады.

Адами құндылықтарды мазмұны әр түрлі қасиеттер құрайды. Солардың ішіндегі ең маңыздыларына тоқталайық:

Ізгіліктілік – этиканың жеке моральдық санасының негізгі категориясы. Этикалық ұғымдардың барлығы осы категорияға негізделген. Ізгіліктілік – жалпылама түрде моральдық сананың көрінісі. Ізгіліктілікке жалпылама түрде анықтама берсек, ол – адам үшін маңызды, адам мен қоғам үшін қажетті жағдай. Ізгіліктілік гармониямен, үйлесімділікпен, сәттілікпен, т.б. ассоциацияланады.

«Жақсылық», «игілік» ұғымдары көбіне синоним ретінде жағымды мінез-құлықты, рухани құндылықты бейнелеуде қолданылады. Құбылысты, затты жағымды бағалау адам үшін бағалы игілікті түсінуге негізделген. «Ізгілік» сөзі салыстырмалы мағынада белгілі бір жағдайдағы адам үшін жақсылық, пайдалы нәрсе деп түсіндіріледі. Күнделікті санада игілік – адамның субъективті бағасының нәтижесі. Ізгіліктілік ұғымы моральдың қалыптасу процесінде пайда болған. Ол табиғи құбылыстармен байланысы жоқ құндылық ретінде қабылданады. Ізгіліктілік – алдын-ала ойластырылған, ерікті, моральдық идеалға жанасатын әрекет сипаты. Осы категорияның мазмұны адамгершілік идеалына жетуге байланысты айқындалады. Олай болса, ізгіліктілік – идеалға жетуге ұмтылыс [4].

Моральдық борыш – индивид мінез-құлқын бақылау формасы және адамдар арасындағы қарымқатынастың бейнесі. *Борыш* – адамның ішкі талап-тілегі, моральдық идеал ұйғырымын орындау қажеттігін сезіну. Кейбір ойшылдар (Ницше және т.б.) борышты сезінуді жеке басты тәрбиелеу нәтижесі деп көрсетеді. Борышты жалпы қабылданған норма, әлеуметтік тәртіптің жеке басқа түсіретін қысымы деп те түсінуге де болады. Моральдық талаптар ұсыныс, ақыл-кеңес формасында беріледі. Борыш адамның өз-өзін күштеуін талап етеді. Ол адамның өз бойындағы кейбір сапаның жеткіліксіздігін сезінуден, осы сапаны жетілдіруден, алда тұрған бөгеттерге мүмкіндігінше қарсыласудан тұрады.

Адамның өз беттілігі моральдық борышты орындауда көрінеді. Адам моральдық борышты өзін күштеусіз-ақ, ерікті түрде орындайды, осы талаптарды өзі ойлап тапқан сияқты болады, өз ісінің дұрыстығына кәміл сеніммен әрекет етеді.

Ар-ұждан – адамның өз қылығына, ойына сыни баға беруі, идеалына үйлесімсіздігін және моральдық борышты орындай алмауын сезінуі. Адамның ұжданы басқа адамдардың көзқарасына тәуелсіз, ол борышпен ғана байланыста, сырттай бақылау жоқ жерде де өз күшінде болады. Көбіне ұждан өзіндік «Мен» - ге тәуелсіз жоғарғы құндылықты тасымалдаушы екінші «Мен» - нің дауысы сияқты. Ұждан табиғатын талдауда бірнеше көзқарастар бар, соның ішінде діни ағым бойынша ұждан құдайдың дауысы болып саналса, екінші бір ағым арұятты ұялудың спецификалық формасы деп түсіндіреді. Сонымен қатар, басқа категориялардың мазмұны сияқты ұжданның мазмұны да мәдениеттің, тарихтың дамуымен бірге өзгеріп отырады. Ұждан адамды тәрбиелеу және әлеуметтендіру негізінде қалыптасады. Ұждан арқылы адам өзін жетілдіріп, өзіне ең жоғарғы талаптар қояды. Ұждан - адамның ішкі төрешісі. «Адам өзінің ішкі төрешісінің даусын неғұрлым көбірек тыңдауы, сол үшін барлық құралдарды қолдануы тиіс», - деп И.Кант орынды айтқан.

Адам үшін ең басты құндылық, ең бағалы нәрсе – өмір. Өмір адам тіршілігінің негізі, онсыз адамның өзі де өмірдің мәні туралы ойлары да, іс-әрекеті де, қуаныш-қайғысы да жоқ.

Бақыт және өмір мәні. Егер адам өз өмірін мәнсіз деп тапса, онда ол өз бақытын сезіне алмайды. Өмір мәнін жоғалту проблемасы көптеген психологиялық және

философиялық ағымдарда қарастырылған. В.Франкл «Человек в поисках смысла» деген еңбегінде өмір мәнін жоғалту адамның материалдық және әлеуметтік орнымен емес, депрессиямен, демек, уайымдаумен, қайғырумен байланысты деп көрсетеді. Жоғарғы деңгейде дамыған қоғамда материалдық қажеттілікті қанағаттандыру адамға өмір мәнін сезінуге көмектеспейді.

В.Франкл өмір мәнін адам жаны ұмтылатын «рухани объект» және ол мақсатпен, құндылықпен байланыста болады деп түсіндіреді. Өмір мәнін түсіну әртүрлі жас кезеңінде және әртүрлі жағдайда пайда болуы мүмкін, сондықтан адам өз тіршілігіне өзі мән беруі тиіс, әйтпесе оған сырттан келер көмек жоқ. Өмірдің мәні жазылып, құрастырыла салмайды, ол өмір бойы жинақталады. Өмір мәнін іздестіру ақылды жаратылыс үшін табиғи құбылыс болып саналады [4]. Өмір мәні мен бақыт бір-бірімен тығыз байланыста, өмір мәні – бақыттың міндетті түрдегі алғышарты; дегенмен өмір мәні адам өміріндегі жайсыз оқиға кезінде де, мәселен, бақыт жоқ жерде де алдыдан шығады. Өмір мәнін түсіну жағымды эмоционалдық жағдай ретінде мақсатқа ұмтылушылықпен, қарымқатынастағы өз орнын сезінумен, басқа адамдарға деген қызығушылықпен, олармен бірігу сезімімен, белгілі ережелерді ізгілік ережелері ретінде қабылдаумен, болмыстағы өз орнын, арман-тілегін сезінумен қоса жүреді.

Адамгершілік идеалы. Адамның мінез-құлқының бастапқы негізі болып жеке тұлғаның мінез-құлқы мен тұрмыс қалпынан орын алатын жоғары рухани құндылықтардың жиынтығы тұрғысындағы идеал ұғымы саналады. Ол адамның адамгершілік мақсатының жүйелі сипаты, мінез-құлықтың моральдық үлгісі, жеке тұлғаның жоғары абыройы тұрғысында қарастырылады. Жеке тұлғаның субъективті моральдық сипаты көптеген рухани қасиеттермен: қызығушылықпен (ғылым, бизнес, өнер, т.б.), сұраныспен (материалдық және рухани), психологиялық көңіл-күймен, тіршілік әрекетінің ережесімен, құмарлықпен, хал-жайымен, т.б. айқындалады. Олардың адам санасынан орын алуы басты рухани құндылықтың жүйелі көрсеткішін қалыптастырады. Сөйтіп, идеал адамның моральдық бейнесін айқындайды деп ой тұжырымдауға болады. Зерттеушілер пікірінше, идеалдар – ақыл-ойға ең биік үлгі-өнегелі нұсқа, өзін онымен салыстыру арқылы жоғарғы деңгейге ұмтылуды қамтамасыз ететін, жақсылық пен жамандықты ажыратуға көмектесетін ең биік үлгі, жоғарғы мұрат.

Идеалдың мазмұны әлеуметтік тұрғыда негізделеді. Оны қалыптастыру қоршаған әлеуметтік ортаның жетістіктерін адамның ішкі дүниесінің байлығына айналдыру процесі болып саналады. Ол жағымды үлгі негізінде, ұлы тұлғалардың беделі, мінез-құлықтың жеке адамгершілік бағдарламасы, белгілі бір іс-әрекет түрлерін бағыттау және басқа факторлар арқылы дами алады. Алайда идеалға тән басты қасиет сол, ол адамды жоғары дәрежеге көтеріп, оның бұрынғысынан да жақсы болуына, жағымды істер жасауына түрткі болуы керек. Егер идеал моральдық сананың жетекші элементі тұрғысында қарастырылса, оның мазмұндық элементі *бостандық және жауапкершілік* арқылы айқындалады.

Адамның моральдық бостандығы дегеніміз – адамгершілік позициясын анықтау және оны жүзеге асыру мүмкіндігі. Бостандық бағдарды таңдауда және әрекет тәсілдерінде көрінеді. Бостандық таңдауда жеке бас өзін өзінше дербес және творчестволық тұрғыда көрсетеді. Адам көптеген қажеттіліктің қоршауында өмір сүріп, табиғи әлеуметтік, құқықтық ережелерге, мінезқұлық стереотиптеріне және т.б. заңдарға бағынады. Адамның тіршілік ортасы, әрекеттері, жағдайлары, ол бағынатын заңдар – бәрі тек қана адамға тән. Бостандық адам әрекетінің объективті жағдайын ескерумен, ерікті түрде таңдау мүмкіндігінің болуымен сипатталады. Бостандық - моральдың қозғаушы күші. Мораль бостандықпен байланыса отырып, адам мен қоғамның тарихи белсенділігінің көзі болып табылады. Моральдық құндылықтар адам әрекетінің қозғаушы күші болады және практикалық әрекеттер арқылы таралады. Бостандық адамның әрекет нәтижесіне деген жауапкершілігін білдіреді.

Адами құндылықтар адамдардың өзара қатынасында көрінеді, демек адамгершілік қатынаста жеке тұлғаның моральдық сапасы айқындалады. Ол моральдың рухани

принциптерін, идеалын және нормасын жүзеге асыруды қажет етеді. Олай болса, адамиқұндылығы қалыптаспаған адам болашақтан үміт күтуге тиіс еместіктен мәселенің шешімін адамиқұндылықтарды бойға дарытудан, іздестіру мен бекітуден бастау керек.

Адамзаттың тыныс-тіршілігіне аса қажетті әлеуметтік мәні өте жоғары адами құндылықтар жиынтығы оның толық адам болуына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2011.

2. Уразбеков А.У. История развития философских и социально-этических идей в Казахстане (с раннего средневековья до конца XIXв). Автореф.докт. филос. наук., Алматы, 1986, 42с.

3. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы, 1995.

4. Сламбекова Т.С. Қазақ халқының моральдық-этикалық дәстүрлері. Монография, Семей, 2010, - 220 бет

5. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2005

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҰҒЫМЫНДАҒЫ «ИТ» СӨЗІНІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Демесінова Гүлбану Молдахметқызы

Филология магистрі, аға оқытушы

Орынбасарова Ақтілек

«Филология» мамандығының 3 курс студенті

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көшесі, 52;

Бұл мақалада қазақ халқы ұғымындағы, танымдық түсінігіндегі «жеті қазынаның бірі-ит» этнонимінің табиғаты туралы айтылады. «Ит» қазақтардың дәстүрлі танымы, ырым-тыйым, сенім-нанымы этностың мәдени, рухани қарекетінде символдық бейнеге ие өзіндік ролі бар мәдени категориялардың бірі болып табылады. Мақалада «ит» этнониміне қатысты тұрақты тіркестер, ырым-жырымдар, тыйымдар, болжаулар мен салт-дәстүрлер, қазақ халқы өмірінде алатын орны талданған.

Түйінді сөздер: этнолингвистика, ит өмір, ит көйлек, наным-сенім, ит этнонимі.

ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА СЛОВА «СОБАКА» В ПОНИМАНИИ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Демесінова Гүлбану Молдахметовна

Магистр филологии, старший преподаватель

Орынбасарова Ақтілек

Студентка 3 курса специальности «Филология»

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул.Айтеке би, 52;

В данной статье рассматривается сущность этнонима «Собака-одно из семи сокровищ» в понятии казахского народа. «Собака» является одной из культурных категорий традиционных казахов, их обряды, убеждения играют уникальную роль в культурной и духовной деятельности этноса. В статье присутствуют устойчивые выражения, обряды, запреты, предсказания и традиции, связанные с этнонимом «собака», а также анализ ее роли в жизни казахского народа.

Ключевые слова: этнолингвистика, собачья жизнь, традиционная первая рубашка ребенка, поверье, этноним «собака».

ETHNOLINGUISTIC COGNITIVE MEANING OF THE WORD «DOG» IN THE KAZAKH PEOPLE

Demessinova Gulbanu Moldahmetkyzy

Master of Philology, senior lecturer

Orynbassarova Aktilek

3rd year student of the specialty of «Philology»

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.;

This article deals with the nature of the ethnonym "One of the seven treasures" in the notion of the Kazakh people. The "dog" is one of the cultural categories of traditional Kazakhs, their rituals, beliefs and beliefs have a unique role in the cultural and spiritual activity of the ethnos. In the article there are constant expressions, rituals, prohibitions, predictions and traditions related to the "dog" ethnonym, traditions, role of Kazakh people in life.

Key words: ethnolinguistics, dog life, dog dress, belief, ethnicity.

Қазақ тіл білімі ғылымында тұрақты тіркестерді тақырыптық топтарға бөліп, оларды әр түрлі бағытта қарастыру кең үрдіс алып келеді. Кез-келген тілдік құбылыстың, соның ішінде тұрақты тіркестердің табиғатын оның тілдік заңдылықтарына ғана сүйеніп емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық болмысына байланысты да қарастырған дұрыс секілді. Жалпы орын жағынан әбден қалыптасқан, құрамы өзгертуге келмейтін, бәрі тұтасып, бір мағынаны білдіретін, бір ғана сөйлем мүшесі ретінде қолданылатын тіркесті тұрақты тіркестер дейтініміз белгілі. Осы тұрақты тіркестердің тақырыптарына үңілетін болсақ, алуан түрлі. Сол тақырыптардың ішіндегі хайуанаттарға қатысты қолданылатын тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаттамаларына тоқталсақ. Қазақ тілі этнолингвистикасы жайында А.Т.Қайдар: «Этнолингвистика» - этностың болмысынан туындап, санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасып, қорланып, рухани мәдени мұра ретінде атадан балаға, әулеттен нәсілге үзілмей ауысып келе жатқан дәстүрлі мирасты жаңғыртып, жан-жақты зерттеп, танымдық мәнін ашып болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің күрделі де құнарлы саласы деп нақты, әрі тұжырымды анықтама береді [1].

Ит туралы қазақта нақыл сөздер көптеп кездеседі. Дегенмен көп нақыл сөз бір-біріне қарсы келеді. Бірі итті жақтаса, бірі жамандап үлгереді. Қазақ мақал-мәтелдің өзіне де үлкен мән қойған. С.Шаймерденов «Ит ашуы» повесі көркем әдебиетті қадірлеуге үйретеді. Әдеби кітабымызда да ит туралы шығармалар көптеп кездеседі. Джек Лондон «Ақ азу», «Қасқырдың ұлы», Мұхтар Әуезов «Көксерек», Мұхтар Мағауин «Тазының өлімі», Сәкен Жүнісов «Ақан серісінде» Басарала бейнесін келістіре-ақ суреттейді. Орыс кинологы К.Плахов «Қазақ тазысы құрып бітудің аз-ақ алдында.» [2] Осы бір киелі сөзді шығармаларда ғана емес, салт-дәстүрімізде де кездеседі.

Балаға ит көйлек кигізу. Дүние есігін ашқан сәбиге ең алғаш тігісін сыртына қаратып, киім тігіп кигізеді. Бұл киімнің атын «ит көйлек» немесе «ит жейде» деп атаған. Киімнің бұлай аталуы жайында мынадай қызық аңыз бар. Тәңірі тағала адамның мүсінін жасағанда, оның кіндігінен алынған бір шөкім балшықтан итті жаратады. Иттің үнемі адамнан айырылмай, қайда барса да, иесінің мал-мүлкін қорып, адамға серік болып жүретін себебі сол екен. Кіндік балшығынан жаралған соң, алғашында оның терісі түксіз, жалаңаш болыпты. Жаңа туған баланы да пәле-жәледен қорғасын деп ит көйлек кигізіп ырымдау содан қалыпты. Ит көйлекті бала қырқынан шыққанша кигізеді. Оны шыт, сиса, бәтес, бөз сияқты жұмсақ маталардан жасайды. Тысын сыртына қаратып, шетін бүкпей пішеді. Жағасын ойып, өңіріне баланың басын сыятындай етіп тік тілік жасайды. Баланы қырқынан шығарғасын ит көйлекті далаға тастамайды. Дауға барған адамдар, жауға шапқан батырлар баласының ит жейдесін қойнына тығып, өзімен бірге ала жүрген. Себебі, «көйлек қауіп-қатерден, пәле-жаладан сақтайды» деп ырымдаған. Баласы жоқ әйелдерге ит көйлекті ырым етіп береді.

Қазақтар итті қанша қастерлегенімен ас тағамдарға, әсіресе ақ тағамдарға иттің аузының тигенін жаман ырымға жориды. Сондықтан киіз үйге ит оңай кіріп кетпес үшін «ергенек» деп аталатын жіңішке ағаштардан істелген ағаш салалы, торлы бөгетті киіз есік ішінен істейді. Қазақта "Есіктен ергенек кетсе, иттен ұят кетеді" деген сөз содан туған. Сойылған малдың етіне адам ауыз тимей ит иіскеп немесе ауыз тиіп қойса, ет "харамдалды" деп ырымдайды қазақ сенімінде. Иттің қысқа-қысқа, үзіп-үзіп ұлуы жақсылық нышаны дейді қазақ. Ал оның мезгілсіз уақытта қасқырша ұзақ ұлуы, қыңсылауы жаманшылықтың жақындағаны дейді. Ит ұлыса өлім-жітім болады, сойқан, елге бақытсыздық болады, адамдар «ұлып» қалар ме екен, табиғат апаты деп ырымдап ұлыған итті ұрып, ауылдан қуады. Қазақта: "Ит көкке, яғни аспанға қарап үрсе сол үйдің шаңырақ иесіне "көрінеді", үй иесі

өледі деп ырымдап жоритын ғұрып бар. Мұндайда кейде итті өлтіріп, жерге көміп, үстіне жеті кісі қара тас тастап бастырып, түкіріп, пәле-қала өз басыңмен кетсін,— деп дауалап, домдайды. Мұндай ырым-тыйымдар Орта Азия халықтарының көбінде ұшырасады. Ит таластыру арқылы сапалы иттерді таңдап алып, оларды аңшылыққа, малшылыққа, тағы басқадай мақсаттарға пайдаланып келген. Кейде ауылдың еріккен адамдары «ит таластырып» көңіл көтерген.

Бұрынғы кездегі аласапыран нәубат замандарда жан сауғалау қамымен "үрке, үдере" көшкенде итті серік етіп, оларға да иттің шама-шарқына сәйкес қажетті заттарын теңдеп артқан. Ел басына күн туғанда амалы қалмаған немесе тақыр кедейліктен осындай аянышты халге душар болуды қазақ "итке қос артқандай деген бейнелі сөзбен суреттеп, лажы қалмай өлімші халге жеткен жандарға қаратып айтады. Итке мініп отыруға болмайды дегенмен, кемпірқосаққа ит мініп барсақ ол түрлі маржан әшекей үлестіреді-мыс деп балаларды сендіреді.

Қазақ иттің "елес, белгісіз заттық емес бейнелерді" сезуге, көруге, білуге қабілетті қасиеті бар дейді. Ертеде ит басқалардың жынын көргіш келеді, бақсы отырған үйдің "босағасын қабады" деп сенген. Сол тәрізді ит бәле-жала, жын-шайтанды да көріп, оларға үреді дейді. Ал егер ит иесіне қарай жүгірсе тектен-тек емес. Ол шын мәнінде иесіне қарай келе жатқан бәле-жаланы көріп, оны хабарлауға асыға ұмтылады екен деп аңыз етеді.

Иттің адамның түсіне енуді жорудың өзі сан алуан: егер түсінде ит көрсең, адал досыңа сәттілік болады, жүгірген ит көрінсе, онда өзің жаңа орынға жайғасуға орын іздейсің, қара ит түске енсе, дұшпандарыңнан сақтану керек, ақ ит түске кірсе, жақсылықтың нышаны, ырыс. Түске төрт көз ит кірсе немесе "ақ төс қара ит" көрінсе бұлар "кәпір, дұшпандар" олардан сақтанудың қамын ойлану керек дейді түс жорушылар.

Иесіне шын берілген тазы оған қауіп төнгенде өзін өлімге қиюға дейін баратын адал да, берілген хайуан. Ит адамға жақын табиғат ана перзенті болғандықтан ит жылы туса адамдар ойға алған ісі орындалады, тоқшылық пен молшылық болады, олқылық толып, тыныштық мамыражай шақ болады деп сенген. Сайып келгенде, итке қатысты қазақтардың дәстүрлі танымы, ырым-тыйым, сенім-нанымы этностың мәдени, рухани қарекетінде символдық бейнеге ие өзіндік ролі бар мәдени категориялардың бірі болып табылады. Ол албасты, жындардың көмекшісі, әрі олар ит бейнесіне еніп келіп адамға жамандық жасайды деген. Ит пәни мен жалған дүниенің арасын жалғап тұрған байланыстырушы, өтпелі кезеңнің дәрежесін білдіретін рәміз. Ол қазақтардағы ит жейде, көбею, өну, өлімге қатысты сенім-нанымында байқалады. Сонымен қатар ит отбасының құты тұрақтайтын "мекені" іспетті. Қысқасы, ит әлеуметтік және іс-қарекеттік шындықтың заттанған түрі болып саналады.

Қорыта келе, лингвомәдениеттану ғылымында түркілік танымдағы «ит» танымдық түсінігі арнайы зерттеуді күтіп жатыр. Тіпті қасқыр тотемінің түпкі төркіні де осы ит культіне барып тіреледі деген болжам да бар. Жас нәресте жаңа туғанда ит кейіпте болады деген танымды арқау етсек, қазақ адамға ғана «кім» деген сұрақ қоятынын ескергеніміз абзал. Ал біз, түп-танымымыздан ажырап, перзентті болғанымызды жарты әлемге жар салып, көлігімізге жазып алуды жаңа салтқа айналдырып барамыз. Бұрынғы ғұрыптық кешендерден әбден арылып болған соң, тамырсыз ұлтқа айналып шыға келеміз. Құдды бір бұтағын үзіп алып, бір апта суға салып, содан соң терезеге егіп қоятын көшет секілді майдаланып кеттік. Рас, біз терең тамырымызды, далалық болмысымызды тәрк етіп, терезеден ғана телміріп тұратын үй өсімдігіне ұқсап барамыз. Бұрын үй өсімдігін аяушы едім. Ол байқұста тұрақты топырақ та жоқ деп ойлайтынмын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Төрт түлік төресі кім?», Қайнар баспасы, А., 1990 ж.
2. «Ер қанаты», Қайнар А., 1987 ж.

3. І.Кеңесбаев «Фразеологиялық сөздік», Ғылым А.,1977 ж.
4. Ә.Қайдаров «Этнолингвистика негізі» А.,1998 ж.
5. Қазақ әдебиеті газеті № 11, 18.03.2005 ж.
6. «Қазақ ертегілері», Жазушы, А., 2002 ж.

БОЛАШАҚТЫҢ БАҒДАРЫ – ИДЕЯ ТӨҢІРЕГІНДЕ

Ермуханова И.Ж.

«Гуманитарлық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Жансары А.

*«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 1 курс студенті
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш., 52;*

Мақалада Ричард Уотсонның «Болашаққа арналған 50 идея» кітабы талқыланып, идея туралы ойлар салыстырылып, қорытынды жасалынған.

Түйінді сөздер: идея, болашаққа арналған идея, «жас қан», сапа, өмір, бақытты өмір.

О НАПРАВЛЕНИИ БУДУЩЕГО – ИДЕЕ

Ермуханова И.Ж.

Старший преподаватель кафедры «Гуманитарных дисциплин», магистр

Жансары А.

*Студентка 1 курс специальности «Социальная педагогика и самопознание»
Казахско-Русский Международный университет, 030006, Ақтөбе, ул. Айтеке би, 52;*

В статье обсуждается книга Ричарда Уотсона «50 идей будущего», в которой сравниваются идеи о идее, сделаны выводы

Ключевые слова: идея, идея будущего, «молодая кровь», качество, жизнь, счастливая жизнь.

FUTURE DIRECTION – IDEAS

Ermukhanova I.ZH.

Senior Lecturer of chair of Humanitarian disciplines, master of arts

Zhansary A.

*Student of 1st course of «Social pedagogy and self-knowledge»
Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.;*

The article discusses Richard Watson's book "50 Ideas of the Future", in which ideas about an idea are compared, and conclusions

Key words: idea, idea of the future, "young blood", quality, life, happy life

Идея. Идея? Идея – түпкі ой, теориялық жүйенің, логикалық құрылымның, соның ішінде дүниетанымның негізінде жатқан анықтаушы түсінік. Яғни, бар нәрсені емес басқа ұғымдардан өзгеше, әлі болмаған, жоқ дүниені, жасалуға тиіс құбылыстарды білдіреді.

Идея әрбір жеке санада бар, алайда оларда жетілмеген күңгірт болуы мүмкін. Сондықтан, ол - ойлаудың негізгі формалары, рух дамуының белгілі бір сатылары ретінде қарастырылады. Ал, ойлау адам санасының ең маңызды қасиеті.

Болашағын ойламайтын адам жоқ.

Болашағына бағдар жасамаған адам да жоқтың қасы.

Болашағы жоқ бүгінгі күн, ертеңге жарамайды. Себебі, бүгінгі күн – ертеңнің көлеңкесі секілді. Ең бастысы, болашақты болжау бізге армандауға мүмкіндік береді. Бүгінгі күнін талдай отырып, болашағына ой толғаған, болжам жасаған жазушы философтар

қаншама. Солардың бірі де бірегейі бүкіл әлемге танымал футуролог, ағылшын жазушысы, лектор Ричард Уотсон. Оның атақты кітабы «phantompress» баспасынан, 2014 жылы Мәскеуден басылып шыққан «Болашаққа арналған 50 идея» еңбегі. Бұл кітап, біздің жақын болашағымыздың жарқын болатынына сенім білдіріп, қорқыныш, үреймен емес, үмітпен алға басу үшін дұрыс қадам жасау керектігін түсінуге көмектеседі. Кітапта көп ұзамай біздің өмірімізді анықтайтын барлық маңызды 50 идея бар, ал егер оларды алдын ала білсеңіз, болашақ соншалықты алаңдатпайды.

Сонымен алдағы 30 жылда өміріңізде қандай өзгерістер болатынын білгіңіз келсе зер салыңыз. Кітаптың мазмұны 10 тақырыптардан 5 идеядан тұрады. Әр тақырыптың өзіндік бір түпкі идеялары бар және ғалымдардың пікірлері жан-жақты ғылыми тұрғыдан талқыланды.

Денсаулық және әл-ауқатқа арналған идеялар қызықтырақ болып келеді. Қазіргі таңда Регенеративті медицина баяу алға жылжып келеді. Сізде «жас қан» деген ұғымнан хабарыңыз бар ма?

Стэнфорд университетінің зерттеушісі Томас Рэндтің айтуынша, егер қарт адамдарға жастардың қанынан дамыған дәрілер берілсе, қарт адамдар дене жарақатын жылдамырақ қалпына келтіре алу мүмкін. Зерттеу жұмыстары кезінде екі жұп тышқанға жасанды түрде жас тышқандардың қанынан жасалған егу егілді. Нәтижесінде қарт тышқандардың терілерінен, жасушаларынан өзгеріс байқалды. Егде жасушалардың қайта қалпына келтіру қабілетін жоғалтуына байланысты емес, белгілі бір сигнал болмағандықтан, ескі құрылымдар баяу қалпына келеді деген болжам бар. Яғни бұл зерттеу, егде жастағы адамдарға арналған түрлі «жылдам қалпына келтіру» өнімдерінің дамуына әкелуі мүмкін. Қазіргі таңда әлемде егде жасқа келу мәселесі толғандырады. Бір сөзбен айтқанда, адамдар мүлдем өлгісі келмейді немесе о дүниелік болмаса да, кем дегенде, кәрілікке дейін жақсы өмір сүруді қалайды. Болашақтың кейбір ғылыми жетістіктері мен технологиялық ғажайыптар әлемі адам қызығарлықтай даму үстінде, нұсқалардың бөлшектерін алу, сапаны жақсарту, сондай-ақ өмір сүрі жасын ұзарту секілді ғылыми жаңалықтар әлемді таңқалдыруда. Мысалы, 2011 жылы бір науқасқа зертханада жаңадан өзінің жасушасынан жасалған трахея орнатылды. Яғни, теріні, тыныс жолдарының түтіктерін, қан тамырларын, пульсирлерді, тіпті асқазанды жасанды пластикалық түрде ойлап тауып жағдайы тірелді. Алайда болашақта біз өз жасушаларымыздан ең маңызды ағзаларымыз - жүрек, бүйректі, өкпені құрастыра алмыз ба - мәселе күрделі, бірақ бұл мәселе толығымен шешілуі мүмкін. Адам өмірінің ұзақтығы Ұлыбританияда ерлер арасында 45 жастан, ал әйелдерде 49 жастан (1901 жылғы есептеу бойынша), 76 және 81 жасқа дейін өсті (2002 жылғы есептеу бойынша). Неге бұл өсім келесі жүз жылда қайталанбайды? Ағымдағы рекорд 150 жыл, неге 122 жыл емес? Неліктен «о дүниелік болу» туралы идеяны аяқтамаймыз? Сізге бұл идея қайтадан ақылсыз көрінуі мүмкін. Оптимистер арасында қартаю генетика тұрғысынан алдын ала анықталған және «о дүниелік болу» бағдарламасы немесе қартаюды бастайтын үдеріс жай өшірілуі немесе кем дегенде түзетілуі мүмкін деп санайтындар бар. «Омоложение» журналының бас редакторы Обри де Грейдің айтуынша адам 1000 жасқа дейін өмір сүре алады, бұл, әрине, сандырақ болып көрінуі мүмкін. Дүне жүзінде адамдардың 90% қартаю белгісінен қайтыс болады. Елестетіп көріңізші егер де қартаю, қайтыс болу үдерісін кейінге шегерсек, тіпті өмірімізден бір жолата көзін жойсақ қалай болады?! Қызық...?! Ол кезде адам баласына қалыпты жас 110, 130 немесе 150 жас болар еді, біз үшін 60, 70, 80 жастар жастық шақ болып саналатын еді. Адам баласы 80 жасқа келем дегенше отбасы құрмай жүре беретін еді. Және «бір жастықта қартайамыз» деген ұғым басқа мағынаға ие болатын еді. Мүмкін қартаймай ұзақ өмір сүрудің де жағымды да жағымсыз жақтары бар шығар. Кім біледі... Ол болашақтың еншісінде... Бірақ қазіргі таңда статистикалық мәліметтерге сүйенсек көп адамдар ұзақ өмір сүргісі келмейді шамасы, себебі, Швейцария еліндегі Дигнитас клиникасы өмірмен ерте қоштасқысы келетін адамдарға уақытын, күнін белгілеп бұл өмірден «ерте» аттануға көмектеседі екен. Және де айта кетерлік жайт, сол адамдардың 21 пайызы толық қанды дені

сау адам болып табылады. Осы кезде мынадай ой туындайды - сонда мәңгілік бақытты болу, дені сау болу, адамдық бақыт бізге қажет пе?!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Назарбаев. «Рухани жаңғыру - болашаққа бағдар» // Егемен Қазақстан республикалық газеті, 12 сәуір, 2017
2. Р.Уотсон. «Болашаққа арналған 50» «phantompress», 2014, Мәскеу

СІЗ ЖӘНЕ СІЗДІҢ IQ

Ермуханова И.Ж.

«Гуманитарлық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Мирманова Л.

«Журналистика» мамандығының 1 курс студенті

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш., 52;

Мақалада IQ ұғымына терең түсінік беріліп, адам өміріндегі алатын орны туралы сөз болып, ақылды болу жолдары келтірілген.

Түйінді сөздер: IQ, ойлау, интеллект, ақыл

ВЫ И ВАШЕ IQ

Ермуханова И.Ж.

Старший преподаватель кафедры «Гуманитарных дисциплин», магистр

Мирманова Л.

Студенка 1 курса специальности «Журналистика»

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52;

В статье обсуждается понятие IQ, его место в жизни человека, приведены примеры путей интеллектуального развития

Ключевые слова: IQ, мыслить, интеллект, ум.

YOU AND YOUR IQ

Ermukhanova I.ZH.

Senior Lecturer of chair of Humanitarian disciplines, master of arts

Mirmanova L.

Student of 1st course of "Journalism"

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.

The article discusses the concept of IQ, its place in a person's life, gives examples of ways of intellectual development

Key words: IQ, thinking, intellect, mind

«Әрине, IQ - бұл ең бастысы емес, бірақ бұл көрсеткіш өмірде табысқа жетудің маңызды факторларының жиынтығына кіреді»

Дэн Херли «Стань умнее»

Ойлау адам өміріндегі ең маңызды қасиет. Ойлау арқылы біз әр түрлі жетістіктерге жете аламыз. Ойлау - танымның ең жоғарғы сатысы және адамның теориясы, идеясы мен мақсаттары түрінде мінсіз шеберлігі. Адамның зияткерлік ойлау қабілетін бағалайтын ойлау коэффициенті болады. **Зияткерлік коэффициент** – (ағыл.т IQ — intelligence quotient,) адамдардың тез қабылдағыштығы мен ақылдылығына берілетін баға. Оны арнайы жасалған тест арқылы, қарапайым адамдардың ойлауы мен ақылдылығына қарап салыстыра анықтайды [1.13].

IQ деңгейін анықтауға арналған тесттерді әзірлеудің біртұтас стандарты жоқ. Бірақ, тесттердің барлығы жас санатына қарай бөлінеді. Сондықтан, студент пен баланың бірдей IQ көрсеткіші студент ақымақ, бала – ақылды дегенді білдірмейді. Олар өткен тесттер түрлі жас санаттарына жатады. Тест авторлары оларды қалай өту керек екенін түсіндіретін нұсқаулықтар да жазады. Ол нұсқаулықтар тест нәтижесіндегі қатені азайту үшін керек. Тест құрамына ойлану, жады, қисын, білім сынды категорияларды тексеретін тапсырмалар кіреді. Орташа балл жүзге тек: тесттер нәтижелері көбіне осы көрсеткішке сай келетін етіп жасалады. Содан кейін осы орташа нәтижемен тест өтушілердің нәтижесі салыстырылады. Сонда, IQ тестінің орташа көрсеткіші көпшіліктің деңгейі болып шығады. Сондықтан, орташа интеллект деңгейі – норманың өзі. Тест нәтижелерінде ауытқу болады, оған себеп көп: қобалжу, шаршау, асығыстық. Тек 79 балдан төмен нәтижені ғана ақыл жетілуінің кемістігі деп есептеуге болады. 130 балдан асатын интеллект деңгейі адамдардың 2,2 пайызында ғана кездеседі – зерттеуші Стюарт Риччи «Интеллект: маңызының бәрі» кітабында осындай деректер келтіреді [2.24]. Ал орташа деңгейге тест өтетіндердің 68,2 пайызы сай келеді екен.

IQ деңгейі – өмірдің өлшемі, жарқын болашақтың кепілі емес. Интеллект не нәрсеге тәуелді екенін тап басып айта алмаймыз. Ендеше, осыншалық бұлыңғыр көрсеткішті өлшеудің не қажеті бар? IQ деңгейін анықтайтын тесттер әлденені үйрену үшін ерекше жағдайды қажет ететін адамдарды анықтауға мүмкіндік береді. Баланың тест нәтижесі ортадан жоғары болса, оны едәуір күрделірек бағдарлама бойынша оқытқан дұрыс. Ал төмен болса – оған қамқорлық танытып, нан тауып жеуге жетерлік білім алуына жағдай жасау керек.

Теориялық тұрғыдан, интеллект деңгейі үйрену, карьера жасау, сол арқылы табыс деңгейіне ықпал етеді деуге болады. Стюард Ричидің айтуы бойынша интеллекті жоғары адамдар дағдыларын жалдамырақ жақсартады, кәсіби жетістіктерге жетеді, сәйкесінше табысы да жоғары бола алады. Бірақ ол үшін: жоғары IQ деңгейі бола тұра, адам күш жұмсамаса, табысқа жоғары жету кепілі болмайды. Оның үстіне, жауапкершілік, белсенділік, мұқияттық сынды жеке қасиеттер де маңызды. Стюард Ричи тағы бір қызық заңдылық ашты: IQ деңгейі жоғары адамдар ұзағырақ өмір сүреді. Интеллекті төмен адамдарға қарағанда оларда қаза табу қаупі үш есе азырақ. Бұл заңдылықты түсіндіру қиын, алайда төмендегі теориялар шындыққа жақынырақ.

Бірінші: интеллект деңгейі жоғары адамдардың табысы көбірек. Бұл оларға дұрыс тамақтанып, сапалы медициналық қызмет алуға, физикалық белсенділігін қажет деңгейде ұстауға мүмкіндік береді.

Екінші: олар жылдам талдау жасай алады, сондықтан қауіпті жағдайлардан қашып жүреді. Ал ондай жағдайға тап болса тірі қалу мүмкіндігі көбірек, өйткені саналы әрекет етеді.

IQ тесттерін орташа есеппен теңестіріп, шамамен 100 деп алатын болсақ, 50% адамдардың IQ-і 80 мен 110-ның арасында болуы тиіс немесе 25% адамдардың IQ-і 80-нен төмен, 110-нан жоғары болуы керек. Ал 70-ке жетпеген адамдардың ақыл-есі жетілмеген болып саналады. Тарихы 1912 жылы неміс ғалымы Вильгелм Штерн зияткерлік коэффициентін енгізді []. Ол адамдардың жас аралық ақыл-ой кемшіліктеріне аса мән берді. Штерн интеллект көрсеткіштерін жеке жас ерекшеліктеріне байланысты қолдану керек деп ұсыныс жасаған. IQ ең алғаш 1916 жылы Стенфор-Бине шкаласында қолданылды. Адамдардың IQ-ның гендік мәселеге тікелей қатысы бары "Plomin et al." (2001, 2003) атты кітаптан бастау алды []. Балаларға жасалған сынақ нәтижесінде тұқым қуалаушылық 0,4 пен 0,8 көрсеткішін көрсеткен. Олардың IQ дәрежесі тек аз мөлшерде генетикалық тұқым қуалаушылыққа тәуелді екені, ал қалғаны қоршаған орта әсерінен қалыптасатыны анықталған. IQ-ді қалай жоғарлатса болады? Зерттеулер IQ-дің жоғары болуы 40-80 пайыз адамдардың генетикалық белсенділігіне байланысты деген қорытындыға алып келді. Алайда

эртүрлі ізденістер, оқулықтар, білім алу және дұрыс тамақтану секілді іс-әрекеттерімен зияткерлілік коэффициентін жоғарылатуға болатыны дәлелденген.

Интеллект деңгейіне ықпал ететін нақты факторлар жоқ. Интеллект деңгейі әлдекімді жақсырақ, не жаманырақ етпейді. Әйелдер еркектерге қарағанда ақымақтау емес екенін, ұлттар мен нәсілдер «ақылдырақ», «ақымақтау» болып бөлінбейтінін, табысқа жету тек өзімізге байланысты екенін ұмытуға болмайды. Адамдар арасында дискриминация емес, өзара сыйластық болуы керек.

Зерттеулер IQ-дің жоғары болуы 40-80 пайыз адамдардың генетикалық белсенділігіне байланысты деген қорытындыға алып келді. Алайда эртүрлі ізденістер, оқулықтар, білім алу және дұрыс тамақтану секілді іс-әрекеттерімен зияткерлілік коэффициентін жоғарылатуға болатыны дәлелденген. Жоғарылатудың жолдары: Алдыңызға мақсат қойыңыз. Неліктен сіз интеллигент адам болғыңыз келеді? IQ-дің қандай болғанын қалайсыз? Егер де сіздің мақсатыңыз болмаса, сізді алдыға жетелейтін де ықпал болмайды, және де сіздің жасаған іс-әрекеттеріңіз аяқсыз қалады. Оқу. Кітап оқу, өз бетінше іздену секілді іс-әрекеттер IQ-ді міндетті түрде көтереді. Ғылымға бет бұра отырып сіз дүниетанымыңызды кеңейтумен қатар логикалық ойлау мен есептеу қабілеттеріңізді арттырасыз. Пазлдарды жасаңыз. The Wechsler Adult Intelligence Scale мен the Stanford-Binet ұйымдары адамдардың ақыл-ойын қалай дұрыс анықтау керек екені туралы сан алуан әдістер мен амалдар қарастырған. Сол себепті зияткерлілікті бір ғана әдіспен анықтау қате. Кез келген нәрсеге машықтану үшін бір әрекетті бірнеше рет қайталап, жылдамдық пен есте сақтау қабілеттеріне қатысы бар жаттығуларды жиі жасап тұруыңыз керек.

✓ Суреттермен жұмыс. Суреттермен жұмыс кез келген нәрсені жақсы сипаттауға, суреттерді ажыратуға, бір-бірімен байланыстыруға көп ықпал жасайды. Алдымен өте аз уақыттың ішінде суретке қарап, көзді жұма кездейсоқ бір бөлігін таңдап сипаттауға тырысыңыз. Егер де алдыңызда тыңдаушы кісі болмаса, ұнтаспаға жазып, жіберген қателіктеріңізді түзеп алыңыз.

✓ Медитация. Медитация ағзаның қан айналымын жақсартады, сонымен бірге ойыңызды, есте сақтауыңызды бір қалыпқа келтіруге септігін тигізеді. Күніне 30 минут уақытыңызды медитацияға арнаңыз. Сонымен қатар 10 немесе 15 минуттан әр кезде қолыңыз бос бола қалса медитация жасаңыз. Таңғы жаттығулардан кейін және жатардың алдында істегеніңіз абзал.

✓ Жаттығу. Спорт – денсаулық кепілі. Таң ертең тұрып таңғы жаттығулар жасаңыз. Жиі жүгіріп, суға түсіп тұрыңыз.

✓ Дұрыс тамақтану. Аптасына кемінде 3 рет майлы балықпен тамақтаныңыз. Мәзіріңізде жеміс-жидек, көкөніс, дәнді-дақылдардың болғаны шарт.

Қорыта айтқанда, ақылды болу – адам баласына тән қасиет. Сауатты болу, білім болу, белсенді болу – қозғалыс пен таңдаған бағытыңызға байланысты. Ақылды – болу заман талабы. Ақыл болу – сәнді. Таңдау өзіңізде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Стань умнее. Д. Харли. Перевод, издание на русском языке, оформление. ООО «Манн, Иванов, Фербер», 2015
2. Интеллект: все, что имеет значение. С.Риччи. Перевод. Москва, 2016
3. Бекжанова, Б.Ж., Кішкенбаева, А.Е. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудағы ойлау процесінің маңызы. // Сапалы білім беру - Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізі: Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақалалар жинағы, 13 мамыр 2011 ж. - Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы ҚМУ, 2011.

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ШИЗОФРЕНИЯ АУРУЫ

Кипчикбаева Альбина

«Психология» мамандығының 4 курс студенті

Карабалина Аксауле Алипкалиевна

Научный руководитель, к. пс. н., профессор

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш., 52;

Бұл мақала шизофрения ауруын талдауға арналған. Психикалық бұзылулар проблемасы жыл сайын өзекті болып келеді.

Бүгінгі күні шизофрения басқа психикалық бұзылуларға қарағанда кең таралған ауру болып табылады. Ол 40 миллионнан астам адам зардап шегеді.

Шизофрения-эмоциялық бұзылулар,әдеттен тыс мінез-құлық,ойлаудың бұзылуы және элеуметтік өмір сүру мүмкін еместігі байқалатын ауыр психикалық ауру. Буквальный перевод с грек-ыдырау ес. Мұндай адам өзінің ішкі әлеміне батырылған, ол қазіргі болмыстан алыс: оны отбасы да, жұмыс та, сыртқы да қызықтырмайды. Ол бір мезгілде жақсы көреді және жек көреді, оның өмірі күн өткен сайын науқастың ішінен және сырттан (радиоқабылдағыдан, жұмыс істемейтін телефоннан, жылыту құбырынан және т.б.) шыға алатын дауыстарды улайды. Бұл ретте науқасқа дауыс немесе бейнелер береді, қандай да бір әрекеттер жасауды бұйырады.

Түйінді сөздер: шизофрения, человек, қазіргі қоғам, эмоция, тұрақсыз мінез-құлық

БОЛЕЗНЬ ШИЗОФРЕНИИ В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА

Кипчикбаева Альбина

Студент 4 курса специальности «Психология»

Карабалина Аксауле Алипкалиевна

Научный руководитель, к. пс. н., профессор

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Ақтөбе, ул.Айтеке би, 52;

Данная статья посвящена анализу болезни шизофрении. Проблема психических расстройств с каждым годом становится все актуальней.

На сегодняшний день шизофрения является более распространенным заболеванием, чем другие психические расстройства. Ей страдает более 40 миллиона человек.

Шизофрения-тяжелое психическое заболевание,при котором наблюдаются эмоциональные расстройства,неадекватное поведение,нарушение мышления и невозможность вести социальную жизнь. Буквальный перевод с греческого-раскол рассудка. Такой человек погружен в свой внутренний мир, который далек от современных реалий: его не интересуют ни семья, ни работа, ни внешний вид. Он может любить и ненавидеть одновременно, его жизнь изо дня в день отравляют навязчивые голоса, которые могут исходить изнутри самого больного, так и извне (из радиоприемника, нерабочего телефона, трубы отопления и пр.). При этом голоса или образы давят на больного, приказывают совершать те или иные поступки.

Ключевые слова: шизофрения, человек, современное общество, эмоция, неадекватное поведение.

THE DISEASE OF SCHIZOPHRENIA IN THE CONTEXT OF MODERN SOCIETY

Kipshakbaeva Albina

4th year student of specialty " Psychology»

Karabalina Aksaule Alipkalievna

Scientific adviser to. Ps. n., professor

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.;

This article is devoted to the analysis of the disease of schizophrenia. The problem of mental disorders is becoming more urgent every year.

Today, schizophrenia is a more common disease than other mental disorders. It affects more than 40 million people.

Schizophrenia is a serious mental illness in which there are emotional disorders, inadequate behavior, impaired thinking and the inability to lead a social life. The literal translation from Greek is a split of the mind. Such a person is immersed in his inner world, which is far from modern realities: he is not interested in any family, no work, no appearance. He can love and hate at the same time, his life is poisoned every day by obsessive voices that can come from inside the patient, and from outside (from the radio, non-working phone, heating pipes, etc.). At the same voices or images put pressure on the patient, I order you to do certain things.

Key words: schizophrenia, person, modern society, emotion, inadequate behavior.

В 80- 90 -е годы XX века в клинической концепции шизофрении популярностью пользовалась дихотомическая гипотеза английского психолога Т. Кроу (Т. Crow), согласно которой существует два варианта симптомов этого психического расстройства: негативные и позитивные. Согласно Т. Кроу (1980), можно выделить два типа шизофрении. Первый тип обнаруживается у 30%, второй — у 70% больных. Шизофрения первого типа в основном проявляется позитивной симптоматикой: бредом и галлюцинациями. Этот вариант болезни чаще всего начинается остро, но его симптоматика обратима и сравнительно легко купируется нейролептиками. Здесь не отмечается выраженных когнитивных нарушений. По мнению Т. Кроу, в основе данного типа шизофрении лежит нарушение нейрохимических процессов. Второй тип Т. Кроу назвал хронической шизофренией. В клинической картине этого типа болезни доминировала негативная симптоматика: расстройство побуждений, сниженная аффективность и когнитивные нарушения. Симптомы второго типа, по мнению автора, резистентны к терапии нейролептиками, а интеллект необратимо снижен. Т. Кроу предположил, что стойкость негативной симптоматики обусловлена необратимыми изменениями определенных структур мозга, прежде всего поражением нейронов височной доли мозга. В последние годы Т. Кроу стал уделять внимание изучению распространения шизофрении среди разных культур. Его заинтересовали вопросы: почему шизофрения, при которой отмечается сниженная репродуктивность, постепенно не исчезает?

В начале XX века сомнения в том, что «раннее слабоумие» является отдельным заболеванием, высказывал О. Бумке. В своей работе «Растворение шизофрении» он писал, что шизофрения представляет собой симптомокомплекс или группу симптомокомплексов преимущественно экзогенной этиологии. О. Бумке (1919) полагал, что нельзя говорить о специфичности даже конечных состояний шизофрении. В то же время он был согласен с тем, что встречается узкая группа наследственно обусловленной шизофрении (ядро) с обязательным исходом в «слабоумие».

Расчленение шизофрении на множество самостоятельных болезней особенно активно пропагандировалось психоморфологической школой (Восточная Германия), берущей свои истоки в работах венских психиатров С. Wernicke и Т. Мейнерт. Наиболее ярким представителем этого течения был К. Леонгард (К. Leongard) - последователь К. Клейст. В

книге К. Леонгард (1979) «Разделение эндогенных психозов» выделялось более 20 подгрупп шизофрении, более 10 форм фазных психозов и три формы циклоидных психозов, не относящихся ни к группе маниакально-депрессивных, ни к группе шизофренических психозов. Выделение субтипа шизофрении строилось на основе какого-либо одного ведущего синдрома, например, аффективной уплощенности или феномена кататонии.

Проблема нозологического единства шизофрении неоднократно поднималась на протяжении двадцатого столетия сейчас стоит остро. При этом нозологическая общность шизофрении традиционно выводилась, исходя из критериев Е. Крепелин. Исход болезни нередко считался отправной точкой для диагноза шизофрении и лишь в дальнейшем, в известной степени ретроспективно, обращали внимание на этиологию и патогенез этого психического расстройства. Этиологическая общность в ряде случаев приравнивалась к нозологической и аргументировалась результатами транскультуральных исследований. С другой стороны, генетическое единство шизофрении также выглядело сомнительным, поскольку противоречило основным положениям генетики (полигенная теория).

Многие психиатры понимая, что шизофрения не является ни заболеванием, ни группой болезней, предлагали закрепить за этим словом лишь совокупность признаков, встречающихся при различной патологии. Писали, что шизофрения представляет собой не болезнь, не синдром, а реакцию личности или даже различные типы личностных реакций. Последние рассматривались как результат взаимодействия всего, что было возможно: соматических, психогенных, конституциональных и социальных факторов. Дошло до того, что в шизофрении стали видеть выражение хронических процессов дезинтеграции личности, включая невроз и особое расстройство адаптации. Термин «шизофрения» только возникнув, стал стремительно «растворяться», быстро теряя свой первоначальный смысл.

Психиатр-экзистенциалист — К. Ясперс (K. Jaspers) рассматривал шизофрению, как «чистый психический процесс», познание которого нуждается лишь в методе «понимающей психологии». Еще в 1922 г., стирая границы шизофрении, он писал: «Шизофрения есть не ясно очерченное, а бесконечно богатое понятие ... огромная действительность, которая познается не в простых, осязаемых, объективных признаках, а как некая душевная совокупность».

Согласно К. Ясперс, на начальных стадиях шизофрении психическое расстройство в большинстве случаев принимает «космическую форму религиозного или метафизического откровения». Здесь открывается первоисточник фактического существования человека - «удивительный факт тончайшего и глубочайшего понимания, выход за пределы возможного, сопровождающийся исключительной творческой продуктивностью в сочетании с блистательным мастерством». При этом, по его мнению, несмотря на дезинтеграцию бытия и души, возникает новый мир.

И в наши дни проблема психических расстройств с каждым годом становится все актуальней.

В XXI веке шизофрения является более распространенным заболеванием, чем другие психические расстройства. Ей страдает более 40 миллиона человек.

Шизофрения-тяжелое психическое заболевание,при котором наблюдаются эмоциональные расстройства,неадекватное поведение,нарушение мышления и невозможность вести социальную жизнь. Буквальный перевод с греческого-раскол рассудка.При шизофрении наблюдается расщепление психических процессов. Мысли, эмоции и поведение больного нелогичны: утрата близкого человека может вызвать у него приступ смеха, тогда как на радостное событие он реагирует плачем. Такой человек погружен в свой внутренний мир, который далек от современных реалий: его не интересуют ни семья, ни работа, ни внешний вид. Он может любить и ненавидеть одновременно, его жизнь изо дня в день отравляют навязчивые голоса, которые могут исходить изнутри самого больного, так и извне (из радиоприемника, нерабочего телефона, трубы отопления и пр.). При этом голоса или образы давят на больного, приказывают совершать те или иные поступки

За последние 15 лет численность больных шизофренией и депрессией в мире увеличилась более чем на 40% и продолжает расти.

По статистике в 2017 году шизофренией страдает около 2,3-3,1% населения России.

По данным за 2016 год, в Казахстане состояло на учете с диагнозом «шизофрения» 38 564 человека, детей и подростков – 247.

Шизофрения опасна для окружающих, это миф.

Поведение больных шизофренией может быть неадекватным и непредсказуемым, но агрессию и насилие по отношению к окружающим они проявляют крайне редко. Зачастую люди с таким диагнозом стремятся к уединению и самоизоляции, им свойственна отчужденность.

Шизофрения больше опасна не для окружающих, а для самих людей, страдающих данным расстройством. Суицид – вот одна из самых распространенных причин ухода из жизни больных шизофренией в раннем возрасте. А виной всему потеря работы и перспектив, боязнь последствий своего состояния и одиночество. Иногда именно в самоубийстве больные шизофренией видят освобождение от тех голосов и образов, которые ежедневно отравляют их жизнь. Сегодня и в нашей стране больных шизофренией стараются более социализировать т. е. реорганизуют работы специальных поликлиник переводя такого типа больных в общегородские больницы, поликлиники.

Список использованной литературы:

1. Полный медицинский справочник/Пер. с англ. Е. Махияновой и И. Древаль.- М.: АСТ, Астрель, 2006
2. Журнал "Эксперт"
3. Статья: Margarita Tartakovsky, — Illuminating 13 Myths of Schizophrenia. PsychCentral, May 2016

БИЛИНГВИСТ БАЛАЛАРДЫҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Муратова Гулнар

«Психология» мамандығының 2 курс магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш., 52;

Мақалада екі тілді білімі бар балалардағы зерттеудің және сөздік қорын қалыптастырудың негізгі тәсілдері көрсетілген. Екі тілдесуді қалыптастырудың коммуникативтік көздері тұрғысынан екі үлгі бар: контактілі екі тілдік және байланыссыз екі тілдік қатынас. Байланысты екі тілдесу орыс тілінде формальды, институционализацияланған салада және күнделікті қарым-қатынаста жүзеге асырылған кезде Қазақстан аумағында тұратын жергілікті этникалық топтардың байланыс процесінде туындайды. Екі тілдесу бейресми жағдайда қалыптасады, байланыспаған екіліктік орта БАҚ әсерінен қалыптасады, әсіресе теледидар.

Түйінді сөздер: технология, тіл, билингвизм, екі тілділік, сөздік, гибельбле, коммуникация, грамматика, өнімділік, көптілділік, сөйлеу қызметі.

ТЕХНОЛОГИИ ИССЛЕДОВАНИЯ И ФОРМИРОВАНИЯ ЛЕКСИКИ У ДЕТЕЙ С БИЛИНГВИЗМОМ

Муратова Гульнара

Магистрант 2 курса специальности «Психология»

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул.Айтеке би, 52;

Статья раскрывает основные подходы к определению исследования и формирования лексики у детей с билингвизмом. С точки зрения коммуникативных источников формирования билингвизма существует две модели: контактный билингвизм и неконтактный билингвизм. Контактный билингвизм возникает в процессе коммуникации локальных этносов живущих на территории РК когда коммуникация осуществляется на русском языке в формальной, институционализированной сфере и в обыденном общении. Билингвизм формируется в неформальной обстановке, неконтактный билингвизм формируется под влиянием средств массовой информации, особенно телевидения

Ключевые слова: технология, язык, билингвизм, двуязычие, лексика, гибербола, общение, грамматика, продуктивность, многоязычие, речевая деятельность.

TECHNOLOGY OF RESEARCH AND LEXICOGRAPHY OF CHILDREN IN BILINGUALISM

Muratova Gulnar

Master`s Degree student of specialty "Psychology"

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.;

